

"ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ" КЕАҚ

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ЖОСПАРЫ
ОРМАН РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ**

2024-2028 жылдарға арналған

"Су, жер және орман ресурстары"
факультетінің кеңесінде ұсынылған

Хаттама № 9 30.04.2024 ж.

"Орман ресурстары, аңшылықтану және
балық шаруашылығы" кафедрасының
кеңейтілген отырысында қаралды

Хаттама № 12 26.04.2024 ж.

Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

№	Компоненттің атауы	Беті
1	Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының (ББ)паспорты	3
2	Бағдарламаның аналитикалық негіздемесі	3
3	ББ дамыту жоспары шешуге бағытталған проблемалардың сипаттамасы	8
4	ББ дамыту жоспарының негізгі мақсаттары мен міндеттері	8
5	ББ дамыту жоспарын орындаудан күтілетін түпкілікті нәтижелер	9
6	Анықтау үшін тәуекелдердің әсерін азайту жөніндегі іс-шаралар	9
7	ББ іске асыру жоспарының іс-шаралар тізбесі	10
8	ББ дамыту жоспарын іске асыру механизмдері	10
9	ББ дамыту жоспарын іске асырудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау	10
10	SWOT талдау	11
11	Түлек моделі	11

1. Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының паспорты

1	ББ дамыту жоспарын әзірлеу үшін негіздемелер	Кафедраның 2028 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары
2	ББ дамыту жоспарының негізгі әзірлеушілері	Кафедра меңгерушісі, қауымдастырылған профессор PhD Токтасынова Ф.А., к.с.х.н., аға оқытушы Сатыбалдиева Г. Жұмыс беруші: "Қазақ орман орналастыру кәсіпорны" РМҚК директоры» Баймуханбетов С.С. А. Н. Бөкейхан атындағы "ҚазОШАҒЗИ" ЖШС Алматы филиалының директоры Ахметов Р.С. Білім алушы: ЛР-21-03К Өмірзақ А. 2023ж. түлегі Хасен Ж.
3	ББ дамыту жоспарын іске асыру мерзімдері	2024-2028 жылдар
4	Қаржыландырудың көзі және көлемі	Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландыру, сыртқы қаржыландыру көздерін тарту
5	БББ дамыту жоспарын іске асырудан күтілетін түпкілікті нәтижелер	Ұлттық және халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес орман шаруашылығы саласында білікті мамандар даярлау

2 Бағдарламаның аналитикалық негіздемесі

2.1 Білім беру бағдарламасы туралы мәліметтер

"6B08302-Орман ресурстары және орман шаруашылығы" білім беру бағдарламасы білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде әзірленді (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді) және Ұлттық біліктілік шеңберіне және кәсіби стандарттарға сәйкес, Дублиндік дескрипторлармен және Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілген, пәндерді оқытудың модульдік жүйесі негізінде жасалған.

2.2 Білім алушылар туралы мәліметтер

Білім алушылар контингенті 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте - "Орман ресурстары және орман шаруашылығы" БББ бойынша білім алушылар контингенті

Оқу жылы	Орман ресурстары және орман шаруашылығы								
	6B08302							7M08302	8D08302
	Барлығы	Грант	курс				Барлығы		
			1	2	3	4	гр	ақыл	Барлығы /грант
2020-2021	324	293	86/78	107/93	84/77	47/45	6		7
2021-2022	433	322	164/154	100/85	87/85	82/8	7		2
2022-2023	461	420	99/90	169/158	100/83	93/89	8		1
2023-2024	511	474	143	99/90	169/158	100/83	8		5
2024-2025	603	448	219/66	136/78	80/8	154/3	3	2	9

2.3 Білім беру бағдарламасын дамытудың ішкі шарттары

Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін факультетте қолданыстағы Санитарлық-техникалық нормаларға сәйкес келетін және оқу жоспарында көзделген білім алушылардың зертханалық, практикалық, тәртіптік және пәнаралық даярлығы мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлерін жүргізуді қамтамасыз ететін материалдық-техникалық қамтамасыз ету бар.

Оқу процесін ұйымдастыру үшін "Орман ресурстары, аңшылықтану және балық шаруашылығы" кафедрасында 1181 шаршы метр аумақты алып жатқан ғимаратта 22 оқу аудиториясы бар, оның ішінде: 3 – дәріс, 12 – практикалық сабақтар үшін, 2 – зертханалық сабақтар үшін, 10-ПОҚ кабинеттері және 1 магистрлік аудитория.

Жаңа инновациялық технологияларды әзірлеу мен пайдаланудағы басты фактор университетте бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасын құруға арналған заманауи компьютерлік техниканың, желілік жабдықтың, заманауи бағдарламалық қамтамасыз етудің болуы болып табылады. Компьютерлік техника санының жыл сайын артуы білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, сабақтарды жүргізу үшін келесі жабдықтар мен құралдар бар: 6 "Epson" мультимедиялық проекторы, камера, бақша ұсақтағыш, тұқым таратқыш, кептіру шкафы, электронды микроскоп, электронды таразы, электронды өлшеуіш шанышқы, лазерлік қашықтық өлшегіш, биіктік өлшегіш, ылғал өлшегіш, планшеттік компьютер, GPS-навигатор.

Пәндерді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жоспарында білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, оқу жоспарлары, пәндердің жұмыс оқу жоспарлары, академиялық күнтізбелер, элективті пәндер каталогтары, оқытудың барлық бағыттары бойынша ПОӘК сияқты қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленген.

Білім беру бағдарламасын дамыту үшін университетте ғылыми-ақпараттық мекеме, ауыл шаруашылығының білікті мамандарын даярлау жөніндегі оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми үрдісінің негізгі базасы болып табылатын университеттің маңызды бөлімшелерінің бірі ретінде ғылыми және электрондық кітапхана жұмыс істейді.

Оқу процесінде кафедра оқытушылары интерактивті құрылғылардың көмегімен көрсетілетін және басқарылатын мультимедиялық оқыту жүйесін пайдалана отырып, оқу жұмыстарының барлық түрлерін (дәрістер, зертханалық-практикалық, семинарлық сабақтар) қамтитын оқытудың инновациялық технологияларын қолданады, бұл міндеттерді түбегейлі жаңа ақпараттық деңгейде шешуге мүмкіндік береді. Серіктес жоғары оқу орындарында білім алушылардың академиялық ұтқырлығы бойынша жұмыс табысты жүргізілуде.

2.4 Қоршаған қозғамның сипаттамалары

Орман шаруашылығы саласы үшін мамандар даярлау кезінде кафедраны ҒЗИ-мен және сабақтар өткізуде, оқу, өндірістік және кәсіптік практикалардан өтуде бірлескен ынтымақтастық туралы шарттар жасалған әртүрлі өндірістік құрылымдармен біріктіруге көп көңіл бөлінеді.

Бакалаврлардың, магистранттар мен докторанттардың, атап айтқанда ҚР АШМ жанындағы орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитетімен өндірістік практикадан өту бойынша 60 шарт жасалды, сондай-ақ ҒЗИ ұйымдарымен тығыз ынтымақтастықта болады.

Кафедра білім алушылары оқу, өндірістік және кәсіптік практикадан: ҚазОШАҒЗИ ЖШС, "Қазлеспроект" Қазақ орман орналастыру кәсіпорны, "Қазгипрослесхоз" Қазақ мемлекеттік жобалау-ізвестіру институты РМК, Іле-Алатау, Шарын, Сайрам-Өгем МҰТП, ҚР БҒМ "орман питомнигі" АҚ, "Астана-Зеленстрой" АҚ", Республикалық мемлекеттік орман тұқымы мекемесі және т.б., республиканың 20 мемлекеттік орман шаруашылығы мекемесінде өтеді және ғылыми зерттеулер жүргізеді.

Кафедрада өндірісте практикалық сабақтар өткізілетін республикалық орман шаруашылығы мекемелерінің басшыларымен шарттар негізінде дуальды оқыту жүргізіледі. Өндірісте жұмыс істейтін қызметкерлердің көпшілігі факультет түлектері.

Кесте 2 – 2024-2025 оқу жылына арналған дуальды оқыту

№	Мекеменің атауы	Білім беру бағдарламасы	Пәні	Тобы	Оқытушының аты-жөні
1	"А.Н. Бөкейхан атындағы Қазақ орман шаруашылығы және агроорман мелиорациясы ғылыми-зерттеу институты" ЖШС Алматы филиалы	6B08302 - Орман ресурстары және орман шаруашылығы	Орман таксациясы	ЛР-22-04Р ЛР-22-01К ЛР-22-02К ЛР-22-03К	Досманбетов Данияр Ахметович
			Орман пайдалану		
2	Республикалық орман селекциялық-тұқым өсіру орталығы "РМҚК Оңтүстік-Шығыс өңірінің филиалы"	6B08302 - Орман ресурстары және орман шаруашылығы	Орман өсіру және орманды қалпына келтіру	ЛР-21-06Р ЛР-21-22П ЛР-21-01К ЛР-21-04К ЛР-21-05К	Токтасынов Азамат Жайлауович
3	Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті "Охотзоопром бойынша" РМҚК	6B08301- Аңшылықтану және аң шаруашылығы	Аңшылық жануарларды есепке алу	ОЗ-22-09К	Акоев Мухит Турсынжанович
4	"Балық шаруашылығының ғылыми-өндірістік орталығы"	6B08402 – Аквакультура және су биологиялық ресурстары	Аквакультура	АК-22-03Р	Исбеков Куаныш Байболатович

2.5 Білім беру бағдарламасын іске асыратын ПОҚ туралы мәліметтер

"Орман ресурстары және аңшылықтану" кафедрасының білім беру бағдарламаларын іске асыруды 11 адамнан тұратын профессор-оқытушылар құрамы жүзеге асырады.

3-кесте - "Орман ресурстары және аңшылықтану" кафедрасының кадрлық әлеуеті

Кадрлық әлеует	2020-2021	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Штаттық ПОҚ саны	21	22	23	24	34
осы мамандық бойынша оқу сабақтарын жүргізуші, % барлығы: оның ішінде ғылыми дәрежелері мен атақтары бар	15/8	15/9	17/11	18/12	30/4
БББ циклдары бойынша оқу сабақтарын өткізетін оқытушылар құрамының саны	15	15	17	18	20
ПД, саны, жалпы саннан %:	9/71	9/68	9/74	9/74	12/70
Оның ішінде алғанда, ғылыми дәрежелері мен атақтары бар	8	9	11	12	19
ЖББ циклдері бойынша сабақ жүргізетін ПОҚ саны, %-ы барлығы:	10/90	11/92	11/92	12/92	12/90
оның ішінде ғылыми дәрежелері мен атақтары бар	10	11	11	12	12
Ғылым магистрлерінің саны	7	6	7	7	3
PhD докторанттардың саны	2	4	3	4	5
Өзге де қоғамдық ғылым академиялары мүшелерінің саны	1	1	1	1	1
"ЖОО-ның үздік оқытушысы" мемлекеттік грант иегерлерінің саны	-	-	-	-	-

4-кесте-БББ іске асыруға қатысатын кадрлық құрамы

Оқу жылы	ПОҚ -тың жалпы құрамы	Оның ішінде ғылым докторлары	Оның ішінде ғылым кандидаттары	Оның ішінде PhD	Оның ішінде магистрлар	Олардың ішінде дәрежесі жоқтары
2020-2021	15	4	2	2	7	0
2021-2022	15	4	2	3	6	0
2022-2023	17	4	4	3	6	0
2023-2024	24	7	3	3	1	0
2024-2025	34	3	5	8	12	0

Кафедраның ғылыми дәрежеленуі 69%-ды құрайды, бұл жыл сайын өсу тенденциясының көрсеткіші болып табылады.

Кафедра қызметкерлері жыл сайын Қазақ орман орналастыру кәсіпорнының оқу орталықтары мен мамандандырылған бөлімдерінде, "Қазгипрослесхоз-KZ" ЖШС, "Республикалық орман селекциялық-тұқым өсіру орталығы" РМҚК, Оңтүстік-Шығыс өңірінің филиалы, ҚазОШАҒЗИ және т. б., сондай-ақ Ресей Федерациясының алыс және жақын шет елдерінде оқытылатын пәндер бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтеді (Германия, Қытай Халық Республикасы, Польша, Чехия).

Д. Н. Сарсекова 2023 жылғы 07 шілдеден 18 қыркүйекке дейін, "Ғылыми зерттеулер негіздері" бағдарламасы бойынша 72 сағат, №75; 2022 жылғы 14-28 ақпан аралығында, "Отырғызу материалын өсірудің прогрессивті технологиялары" бағдарламасы бойынша 72 сағат көлемінде, №41; 27 наурыздан 10 сәуірге дейін біліктілігін арттырудан өтті 2023 ж. 72 сағат көлемінде "орман заңнамасы" бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курсынан өтті, №66; 2023 ж. 27 наурыз бен 10 сәуір аралығында 72 сағат көлемінде "орман заңнамасы" бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курсы, №66; 2023 ж. 19-29 маусым аралығында.72 сағат көлемінде "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар" бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курсы; 2022 жылғы 01-14 тамыз аралығында 72 сағат көлемінде "Сәндік отырғызу материалдары"№ 107; бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курсынан өтті.

Е. С. Жылқыбаева 01.11.2023-21.11.2023 ж. аралығында 72 сағат көлемінде "Рекреациялық орманшылық", "Орман-саябақ шаруашылығы"; 24.08.2023-08.09.2023 ж. аралығында оқытылатын пәндер бойынша 72 сағат көлемінде: "Орманшылық". Жалпы орманшылық атты курстарынан өтті.

Токсабаева Б. С. 31.07.2023-19.08.2023 кезеңінде "Модуль: "Гидробиология", "Санитариялық гидробиология", "Су айдындарының токсикологиясы"; "Модуль: "Гидробионттарды өсіру технологиясы", Тоған, фермерлік және индустриялық балық шаруашылығы", "Балық селекциясы және балық шаруашылығында іріктеу" кәсіби біліктілікті арттыру курстарында оқу бағдарламасын аяқтады. 28.08.2023-16.09.2023 аралығындағы кезеңінде 72 сағат көлемінде; "Модуль: "Ихтиология", "Қазақстанның Ихтиологиялық зерттеулерінің тарихы", "Балық шаруашылығын зерттеу әдістері", "Су биоресурстарының жай-күйін бағалау" 25.09.2023-14.10.2023, 72 сағат көлемінде"; "Модуль "Балық өнімдерін өндіру технологиясы", "Балық өнімдерінің сапасын бағалау әдістері", "Табиғи ресурстарды молайту" 03.07.2023-22.07.2023 кезеңінде 72 сағат көлемінде біліктілігін арттыру курстарынан өтті.

Рамазан Қ.Б. прошел курс повышения квалификации по программе: «Аквариумология, аквапоника» в объеме 72 ч. В период с 06.12. по 24.12.2021; «Зоология» в объеме 72 часов в период с 18.04 по 06.05.2022; «Рыбоводство и разведение» в объеме 72 ч., в период с 13.05 по 01.06.2022; «Мировое рыбоводство» в объеме 72 часов, в период с 03.10 по 15.10.2022г; «Питание и кормление рыб» в объеме 72 часов в период с 19.04 по 15.05.2023.

Рамазан Қ.Б. «Аквариумология, аквапоника» бағдарламасы бойынша 72 сағат көлемінде 06.12. 24.12.2021 дейін; «Зоология» 18.04.2022 ж. бастап 05.06.2022 ж. аралығында 72 сағат көлемінде; «Балық өсіру және өсіру» 72 сағат көлемінде, 13.05-01.06.2022 ж.; «Әлемдік балық шаруашылығы» 72 сағат көлемінде, 03.10-15.10.2022 ж.;

19.04.2023 және 15.05.2023 ж. аралығында 72 сағатқа «Балықты азықтандыру және азықтандыру» біліктілікті арттыру курстарын аяқтады.

2024 жылы профессорлық-оқытушылық құрамға Coursera платформасына кіру рұқсаты берілді, нәтижесінде көптеген мұғалімдер сертификаттар алды. Сондай-ақ басшылық пен бөлім басшылары «Университет басшыларына арналған генеративті жасанды интеллект» курсы аяқтады.

Кафедраның аға оқытушысы Д.Ш.Әкімжанов келесі курстарды аяқтады: University of Colorado Boulder, «The Changing Status and Perception of Animals», Jun 26, 2024; University of Colorado Boulder, «Animals, Self, and Society», Jun 26, 2024; Universitat Zurich, «Asian Environmental Humanities: Landscapes in Transition», Jun 28, 2024; University of California, Irvine «Жобаны бастау және жоспарлау», Jun 14, 2024;

Жұбанышова А. Т., кафедраның аға оқытушысы курстан өтті:

University of California, Irvine «Жобаны бастау және жоспарлау», Sep 10, 2024.

Абаева К. Т., кафедра профессоры курстардан өтті: UNSW Sydney, «Жұмыс болашағын жобалау», Jun 11, 2024; University of California, Irvine «Жақсы іскери хат жазу», May 26, 2024.

М. К. Шыныбеков, кафедраның аға оқытушысы келесі курстардан өтті: University of California, Irvine «Жақсы іскери хат жазу», Jun 16, 2024; Macquarie University «Бизнеске арналған Excel дағдылары. Орташа деңгей (I)», May 29, 2024; Macquarie University «Бизнеске арналған Excel дағдылары. Орташа деңгей», May 29, 2024.

Сәрсекова Д. Н., кафедра профессоры курстардан өтті: University of California, Irvine «Жобаны бастау және жоспарлау», Jun 14, 2024; University of California, Irvine «Simple Past Tense», May 30, 2024; «Университет басшыларына арналған генеративті жасанды интеллект».

Жилкибаева Э.С. кафедраның қауымдастырылған профессоры курстардан өтті: Macquarie University «Ұйымдық мінез-құлық: адамдарды тану», Aug 6, 2024; «Университет басшыларына арналған генеративті жасанды интеллект».

Тоқтасынов А. Ж., кафедраның аға оқытушысы курстан өтті: University of Minnesota «Қызметкерлердің жұмыс өнімділігін басқару», Jul 7, 2024.

2.6 Білім беру бағдарламасының жетістіктерінің сипаттамасы

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы (СҒЗЖ) білім беру үрдісінің ажырамас бөлігі болып табылады және бәсекеге қабілетті мамандардың кәсіби даярлық деңгейін арттырудың тиімді құралы ретінде қызмет етеді. Кафедрада СҒЗЖ-да орта есеппен жыл сайын күндізгі бөлімде оқитын студенттердің 18,0% - ы қатысады. Кафедра қызметкерлерімен бірлесіп ғылыми мақалалар жарияланды, оқулықтар дайындалды, факультеттер мен кафедралар шеңберіндегі ынтымақтастық туралы ұзақ мерзімді келісімдерге қол қойылды. Кафедра шет елдердің осы және басқа жоғары оқу орындарымен қарым-қатынасты одан әрі дамытуға ниетті. 7M08302- "Орман ресурстары және орман шаруашылығы" білім беру бағдарламасының магистранттары А.Н. Бөкейхан атындағы "Қазақ орман шаруашылығы және Агротелиорация ғылыми-зерттеу институты" ЖШС Алматы филиалы, "Қазақ орман орналастыру кәсіпорны" РМҚК, "Республикалық орман селекциялық-тұқым өсіру РМҚК" Оңтүстік-Шығыс аймағы "филиалында, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің" орталығында тағылымдамадан өтеді, 8D08302-"Орман ресурстары және орман шаруашылығы" білім беру бағдарламасы кафедрасының докторанттары алыс және жақын шет елдердің (Чехия, Нидерланды, Испания, Италия, Ресей, Литва) жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өтеді.

Кафедрадағы ғылыми зерттеулер кең ауқымды салалармен сипатталады және іргелі және қолданбалы зерттеулерді қамтиды.

Кафедра оқытушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстары келесі түрлерге бөлінеді: кафедраның тақырыптық жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын және профессорлық-оқытушылар құрамының жеке жоспарларына енгізілген ізденіс пен бастамашылық; республикалық және жергілікті бюджеттерден, сондай-ақ кәсіпорындармен және

ұйымдармен жасалған шаруашылық шарттар негізінде қаржыландырылады; халықаралық шарттар шеңберінде жүзеге асырылады және халықаралық ұйымдар қаржыландырады. Кафедраның ғылыми-зерттеу қызметі 3 ғылыми-зерттеу институтында, 1 ғылыми орталықта және 1 ғылыми зертханада жүзеге асырылады. Қолданбалы зерттеулердің ішінде келесі тақырыптар ең маңызды және нәтижелі болып табылады:

1. Арал теңізінің құрғаған түбіндегі бос жерлерге орман өсіруді жоспарлау және әзірлеу(Контракт №1099-TO1-ERAS-KAZNARU Контракт USAID № 72011520C00007)
2. Түркістан облысында көгалдандыруға арналған сәндік отырғызу материалын өсіру (Шарт № 03.21 «Каскасу ЛТД и К» ЖШС)
3. Жасыл желектерді есепке алу және Құлсары қаласы бойынша дендрологиялық жоспар әзірлеу ("аудандық маңызы бар Құлсары қаласы әкімінің аппараты" ММ)

Соңғы күнтізбелік жылдағы білім беру бағдарламасының бағыты бойынша ҒЗЖ қаржыландырудың жалпы көлемі (шарт бойынша ғылыми зерттеулер саласын көрсете отырып) (ҚР БҒМ ғылыми гранттары, шаруашылық шарттар бойынша ҒЗЖ, халықаралық гранттар) жалпы сомасы **69 849 951,98**.

Кафедрада докторанттар тікелей қатысатын жобалар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізіледі. Олардың дипломдық жұмыстарының, магистрлік және докторлық диссертацияларының тақырыбы ғылыми зерттеулердің осы бағытына сәйкес келеді.

«6B08302-Орман ресурстары және орман шаруашылығы» білім беру бағдарламасының студенттері Республикалық пәндік олимпиадаға қатысып, жүлделі орындарға ие болады.

Еңбек нарығының талаптарын есепке алуға сәйкес және жұмыс берушілердің ұсынысы бойынша элективті пәндердің жұмыс оқу жоспарлары мен каталогтарына жаңа элективті пәндер енгізіледі.

Университетті бітіргеннен кейін түлектер орман профилінің барлық салаларында жұмысқа орналасады.

3 БББ дамыту жоспары шешуге бағытталған проблемалардың сипаттамасы

1) халықаралық ынтымақтастыққа, ғалымдардың халықаралық ғылыми және білім беру бағдарламалары мен жобаларына қатысуына көбірек көңіл бөлу;

2) ҒЗЖ нәтижелерін өндіріске және оқу процесіне енгізудің тиімділігін ерекше бақылауда ұстау;

3) алынған патенттер мен өнертабыстарға лицензияларды өндіріске енгізуге назар аудару;

4) шетелдік басылымдарда жариялау мүмкіндігін кеңінен пайдалануға;

5) білім алушылардың гранттарға, шаруашылық шарттарға, мемлекеттік бюджеттік ғылыми жұмыстарға және басқа да жоғары оқу орындарының конференцияларына қатысуын арттыру.

4 Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының негізгі мақсаттары мен міндеттері

6B08302 - Орман ресурстары және орман шаруашылығы білім беру бағдарламасының мақсаты қазіргі заманғы халықаралық талаптарға жауап беретін жасыл құрылыс, ландшафт өнері және IT-технологиялар саласында білімі бар орман шаруашылығының білікті кадрларын даярлау болып табылады.

7M08302 - "Орман ресурстары және орман шаруашылығы" білім беру бағдарламасының мақсаты мемлекеттік, жергілікті, өңірлік, шетелдік мекемелер үшін еңбек нарығында бәсекеге қабілетті орман шаруашылығы саласының мамандарын даярлау, сондай-ақ жоғары оқу орындары мен колледждер үшін ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау болып табылады.

8D08302 - Орман ресурстары және орман шаруашылығы білім беру бағдарламасының мақсаты қазіргі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеу дайындығы бар, ғалымдар қатарына кіруге және PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға дайын кәсіби мәдениеті жоғары мамандарды даярлау болып табылады.

Білім беру қызметін дамыту жоспарының негізгі мақсаты:

1. Кадрлық әлеуетті дамыту.
2. Білім алушыларға орман шаруашылығы саласындағы кәсіби қызметтің барлық түрлерін жүзеге асыру үшін кәсіби білім мен практикалық дағдыларды қамтамасыз ету.
3. Кәсіби міндеттерді сапалы орындауды қамтамасыз ететін, әртүрлі жағдайларда практикалық міндеттер мен мәселелерді шеше алатын, орман шаруашылығы мен көгалдандыру саласында құзыретті болатын орман шаруашылығы саласында жоғары білікті кадрларды даярлау.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- Отандық және әлемдік стандарттардың талаптарына сәйкес білім беру сапасын арттыру.
- Оларды әрі қарай кәсіби қызметте іске асыру үшін қажетті теориялық және практикалық білімді, іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру.
- Дипломдық жұмыстардың, магистрлік және докторлық диссертациялардың өзекті және іс жүзінде маңызды тақырыптарын таңдау кезінде жұмыс берушілер мен ҒЗИ ғалымдарына кеңес беру.

5. ББ дамыту жоспарын орындаудан күтілетін түпкілікті нәтижелер:

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына сұраныс жыл сайын артып келеді; бакалавриат-магистратура-докторантура деңгейлерінде мамандар даярлаудың үздіксіз жүйесі арқылы білім, ғылым және өндірістің интеграциясын күшейту; шетелдік тағылымдамалар арқылы кәсіби деңгейін көтеру және т. б.

6. БББ үшін тәуекелдердің әсерін төмендету жөніндегі іс-шаралар

- * Инновациялық білім беру ортасын құру;
- * Білім беру кеңістігін кеңейту;
- * Талантты жастарды ғылыми жұмысқа тарту;
- * Оқытылатын тілдер спектрін кеңейту мақсатында көптілді білім беруді дамыту;
- * ПОҚ біліктілігін арттыру жүйесін әзірлеу;

- * Білім алушылар мен ПОҚ-ның ғылыми жобалары мен академиялық ұтқырлығы шеңберінде университеттің алыс және жақын шетелдердің жоғары оқу орындарымен халықаралық ынтымақтастығын кеңейту;
- * Еңбек нарығында түлектердің сұранысын қамтамасыз ету;
- * Оқытудың инновациялық технологияларын және кафедра ПОҚ ғылыми жұмысының нәтижелерін оқу процесіне енгізу;
- * Білім беру үрдісін заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету

7 БББ іске асыру жоспарының іс-шаралар тізбесі

№	Іс-шаралар	Орындалу мерзімдері
1	Әлеуетті жұмыс берушілердің пікірлерін ескере отырып және игеруге бағытталған бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламаларын жетілдіру	2024-2028
2	Білім алушылар мен ПОҚ академиялық ұтқырлығын белсенді іске асыру	2024-2028
3	Жетекші шетелдік университеттермен және ғылыми орталықтармен ғылыми ынтымақтастық пен серіктестік байланыстарды кеңейту, білім алушылар үшін ғылыми зерттеулер мен дәрістер оқуға жетекші шетелдік ғалымдарды тарту	2024-2028

4	Оқу аудиторияларын заманауи жабдықтармен қамтамасыз ету	2024-2028
5	АШМ, ҚР БҒМ және т. б. ғылыми жобалар бойынша, сондай-ақ өңірлік ӘКК мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің тапсырысы бойынша орындалатын конкурста өтінімдер беру	2024-2028
6	Web of Science және Scopus базаларына енген журналдарда ғылыми мақалаларды импакт-факторы бар ғылыми журналдарда жариялау	2024-2028
7	БББ бойынша тәуелсіз ұлттық мамандандырылған аккредиттеуден өту	2026
8	ҚР ЖОО арасында БББ ұлттық рейтингіне қатысу	Жыл сайын
9	Осы БББ-сы бойынша студенттерді Республикалық университеттік олимпиадаларға дайындау және қатысу	Жыл сайын
10	Coursera халықаралық платформасында оқытылатын пәндер бойынша курстарды әзірлеу	2024-2028
11	Түлектерді кейін жұмысқа орналастыру арқылы дуальды оқытуды күшейту\	2024-2028

БББ іске асыру үшін іс-шараларға жауапты кафедра меңгерушісі, БББ және кафедра ПОҚ әзірлеушілері болып табылады.

• 8 БББ дамыту жоспарын іске асыру механизмдері

- БББ бойынша гранттар санын көбейту бойынша мақсатты жұмыс жүргізу.
- Кафедра қызметкерлері білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жұмыс берушілердің тікелей қатысуымен элективті пәндердің каталогтары әзірленетін болады.
- Іс-шара студенттердің базалық шаруашылықтарға, жақын және алыс шет елдердің жоғары оқу орындарына шығуы ұйымдастырылады.
- Дәріс және практикалық сабақтарды оқу үшін білім алушыларға жақын және алыс шет елдердің жетекші ғалымдары шақырылады.
- Қонақтардың дәрістерін оқуға стейкхолдерлер шақырылады.
- □Түлектер жәрмеңкесін "ұйымдастыру кезінде ҚР басқа өңірлерінен орман мекемелерінің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің әртүрлі нысандарындағы жұмыс берушілер шақырылады.

9 ББ дамыту жоспарын іске асырудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау

Білім беру бағдарламаларын енгізу нәтижесінде шаруашылықтарда кафедра ғалымдарының ғылыми әзірлемелері мен ұсынымдары енгізілетін болады. Түлектерді жұмысқа орналастыруды іске асыру бойынша мақсатты жұмыс, сондай-ақ факультет түлектері арасында кәсіптік бағдар беру жұмысы жүргізілетін болады.

10. SWOT – талдау

<p>S (strength) – күшті жақтары</p> <ul style="list-style-type: none"> - - ОР бойынша жыл сайынғы студенттерді қабылдау өте жоғары - Студенттер практикасының күшейтілген базасы - Студенттердің қоғамдық және спорттық өмірге қатысуы, жүлделі орындарға ие болуы - Дамыған оқу-әдістемелік база - Қоғаммен дамыған байланыс - Қарқынды дамып келе жатқан материалдық-техникалық база - Ректордың беделінің күші - Ақпараттық ашықтық (сайттың болуы) - ПОҚ-ның жоғары уәждемесі 	<p>W (weakness) – әлсіз жақтары</p> <ul style="list-style-type: none"> - Материалдық-техникалық база - Жас оқытушыларды тарту және бекіту бойынша жалпы университеттік бағдарламаның болмауы - Әдістемелік жұмыстың шамадан тыс жүктелуі - Шектеулі қаржылық мүмкіндіктер - ҒЗЖ және СҒЗЖ төмен белсенділігі - Дәрежелі кадрлардың қартаюы - ПОҚ-ның шет тілдерін меңгеруінің әлсіз деңгейі;
	<p>O (opportunity) – қолайлы мүмкіндіктер</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қолайлы жұмыс кестесін құру және жалақыны көтеру мүмкіндігі арқылы басқа жоғары оқу орындарынан оқытушы-профессорларды, ғылым кандидаттарын тарту - БАҚ-тағы жарнама есебінен ЖОО имиджін арттыру - Шетелдік және жеке кәсіпкерлерді білім беру процесіне инвестициялау

	6B08302-Орман ресурстары және орман шаруашылығы	M08302- Орман ресурстары және орман шаруашылығы	8D08302 Орман ресурстары және орман шаруашылығы
Білу :	<p>- орман питомниктерінің, екпе ормандарының, орман мелиорациясының, ағаштарды күтіп-баптау үшін кесудің, орман пайдалану, орман шаруашылығын механикаландыру, орман орналастыру, ормандар таксациясы жобаларын, жұмыстарын әзірлеу және енгізу;</p> <p>- орман орналастыру жұмыстарын және оларды қабылдау жұмыстарын бақылау;</p> <p>- ормандарды өрттен, зақымданулардан, дербес кесулерден қорғау, сондай-ақ орман зиянкестері мен ауруларға қарсы күрес жұмыстарды ұйымдастыру және орындау;</p> <p>- орман шаруашылығының мемлекеттік мекемелері, ұлттық табиғи парктер және басқа да мамандандырылған кәсіпорындар үшін ағымдағы және жылдық есептерді дайындау;</p> <p>- ландшафттық сәулет нысандардарын жобалау, күрделі құрылыс жөндеу және жасыл желектер мен саябақтарды реконструкциялау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу;</p> <p>орман өрттері және басқа да орман пайдалану тәртібін бұзушылықтар туралы</p>	<p>- ғылыми зерттеулердің әдістерін жоспарлау және жүргізуді меңгеру;</p> <p>- статистикалық талдау әдістерін пайдалану және ақпараттың дұрыстығына көз жеткізе алу; тұқымдарды жинау, сақтау және өңдеу, оларды себуге дайындау, отырғызу материалдарын өсіру және орман екпелерін құру әдістерімен тұрақты орман тұқым базасын ұйымдастыру;</p> <p>- сәндік питомниктерді жобалау, ағаш және бұта түрлерін тұқымдармен, қалемшелермен көбейту, отырғызу материалдарына санақ жүргізу;</p> <p>- арнайы компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып, орман шаруашылығының сынақ алаңдарын салу, есепке алу учаскелерін орналастыру, үлгі ағаштарды іріктеу және олардың өлшемдерін алуды пайдалана отырып, далалық зерттеу материалдарын өңдеу әдістері бойынша орман таксациясы жұмыстарын жүргізу;</p> <p>- ағаш және сүректі емес шикізат түрлерін жинау және пайдалану;</p> <p>- орман шаруашылығында аэроғарыштық суреттер материалдарын қолдану мәселелерінде, ғарыштық түсірілімнің мәні;</p>	<p>- статистикалық талдау әдістерінде цифрлық ақпаратты пайдалану;</p> <p>Қазақстандағы кәсіпкерлік қызмет пен өндірістің жекелеген түрлерін мемлекеттік қолдау жөніндегі заңнамалық немесе заңға тәуелді актілер мен шараларға талдау жүргізу;</p> <p>- экологиялық процестерге талдау жасау және табиғатты қорғау қызметінде нақты міндеттер мен басымдықтарды белгілеу;</p> <p>- орман секторын басқару және орман қатынастарын реттеу;</p> <p>- орман ресурстарын экономикалық бағалау әдістемесін меңгеру; ғылыми жұмыстардың нәтижелері бойынша талдау, жинақтау және қорытынды жасау;</p> <p>- орман шаруашылығындағы бейіндік пәндері бойынша дәрістер оқу, практикалық және семинар сабақтарын өткізу;</p>

<p>Білу және түсіну:</p>	<p>- сүректі өсімдіктердің морфологиясы мен биологиясын, орман биогеоценоздарының даму заңдылықтарын, орман типологиясын, орман ресурстарының құрылымын;</p> <p>- орман ресурстарын ұдайы ұлғайтуды қамтамасыз ету үшін күтіп-баптау және басты мақсаттағы кесулер тәсілдерін;</p> <p>- орман тұқым ісін жүргізу әдістері, селекциялық-генетикалық негізде тұрақты орман тұқым базасын ұйымдастыру;</p> <p>- отырғызу материалын өсіру тәсілдері мен технологиялары, екпе ормандары, қорғаныш және көгалдандыру екпелерін құру тәсілдері;</p> <p>- орман пайдалану және ағаш өңдеу технологиясы, орманның сүректі емес өнімдерін пайдалану;</p> <p>- орман орналастыру және таксациялау әдістері мен ережелері, орман шаруашылығында аэроғарыштық әдістерді қолдану;</p> <p>- Орман мелиорациясы және ландшафттық таксация технологиялары.</p>	<p>- орман өсімдіктерінің экологиясы мен биологиясы, ағаштардың бейімделу белгілері, интродукциялық іс-шараларды шешу мәселелері мен жолдары;</p> <p>-орман өсірудің инновациялық әдістері, Орман тұқым шаруашылығының прогрессивті технологиялары, генетикалық-селекциялық негізде орман тұқымы базасын ұйымдастыру;</p> <p>- отырғызу материалдарын өсірудің заманауи әдістері мен технологиялары; орман ресурстарын тұрақты басқару;</p> <p>- орманды орналастыру мен таксациясының прогрессивті әдістері, аэроғарыштық суреттерді дешифрлеу;</p> <p>- орман шаруашылығы ғылымының тарихы мен философиясы, психология және педагогика негіздері; оқытудың заманауи технологиясы, әдістемесі мен техникалық құралдары;</p> <p>- орман орналастыру сынақ алаңдарын, есепке алу және айналма алаңдарды салу, ғылыми экспериментті жоспарлау және жүргізу әдістемелері; орман қорғаудың қазіргі заманғы тәсілдері;</p> <p>- орман ғылымы саласындағы әлемдік жетістіктерді ескере отырып, орман ресурстарын тиімді пайдалану, орман және плантациялық екпелерін өсірудің прогрессивті технологиялары.</p>	<p>- орман шаруашылығы тәжірибесінде ғылыми экспериментті ұйымдастыруға және жоспарлауға қойылатын талаптар;</p> <p>- ормандағы нысандарды зерттеудің негізгі әдістемелері;</p> <p>- статистикалық деректерді өңдеуге арналған заманауи компьютерлік бағдарламалар;</p> <p>- жекеменшік орман шаруашылықты жүргізу тәсілдері; басқа елдерде жеке негізде орман өсіру тәжірибесі; Қазақстанда жекеменшік орманшылықты ұйымдастыру мүмкіндіктері; Қазақстан жағдайы үшін жеке меншік орманшылық пайдалану тәсілдері үшін схемалар әзірлеу;</p> <p>- тірі организмдер мен оларды қоршаған ортаның өзара байланысуының жалпы заңдылықтары; тірі ағзалардың кеңістікте және уақытта таралуы, организмдер санының өзгеруі мен реттелуі, тірі жүйелер арқылы энергия ағыны және заттардың айналымы, экологиялық жүйелердің және жалпы биосфераның қызметі;</p> <p>- табиғатты тиімді пайдалану қағидаттары; орман экологиясының негіздері; қолайсыз экологиялық факторлардың белгілі бір ағаш түрлеріне әсер ету салдары;</p> <p>- ағаштар мен екпелердің тұрақтылығын анықтау әдістері мен тәсілдері; орман тұқым шаруашылығының теориялық аспектілері және орман тұқымын аудандастыру принциптері; орман өрттерінің пайда болуы мен дамуына ықпал ететін факторлар, орман өрттерінің себептері;</p> <p>- дайындық жұмыстары, орман өрттерін сөндіру, өрттерді сөндірудің тактикасы</p>
--------------------------	--	--	---

			мен техникасы; орман өрттерін есепке алу, орман өрттерінің зардаптарын бағалау; сүректі емес орман өнімдерінің негізгі түрлері; -сүректі емес орман өнімдерін кешенді пайдаланудың заманауи тенденциялары; орманның сүректі емес ресурстарын тиімді пайдалану және қорғау жолдары.
Құз ырет ті болу :	- өзінің кәсіби функцияларын орындауда; - орман питомниктерінің екпе ормандарының, орман мелиорацияларын, күтіп-баптау кесулерінің, орман шаруашылығы жұмыстарын механикаландырудың, орманшылық жұмыстарын әзірлеу және жүзеге асыру; -орман таксациясы, орман орналастыру, ормандарды өрттен, дербес кесуден қорғау, сондай-ақ орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күресу жұмыстарын ұйымдастыру және орындау; - орман шаруашылығының мемлекеттік мекемелері, ұлттық табиғи парктер және басқа да мамандандырылған кәсіпорындар үшін ағымдағы және жылдық есептерді дайындау;	- агротехника мәселелерінде танап қорғайтын орман жолақтарын құру, жер пайдалану аумағында қоғаныш орман жолақтарын орналастыру, - Ағаш түрлерін іріктеуге, орман отырғызу жұмыстарын жүргізуге және орман жолақтарын күтуге қойылатын талаптар мәселелері бойынша; ғылыми жұмыстардың нәтижелері бойынша талдау, жинақтау және қорытындылау; - орманшаруашлығында бейіндік пәндер бойынша дәрістер мен практикалық сабақтар өткізуде.	- ғылыми теориялық және эксперименттік зерттеулер жүргізуде; - зерттеу кешенді жобаларын жасау және орындау; - ғылыми әдіснама, заманауи бағдарламаларды пайдалану, алынған нәтижелерді өңдеу және оларды ұсыну нысандары мәселелерінде; - мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық саясаты, экономика және орман саласының мемлекеттік мекемелерін, ұйымдары мен кәсіпорындарын басқару саласында; - орман шаруашылығына қатысты кәсіби қызметтің барлық түрлерін ұйымдастыру, жоспарлау, жүргізу мәселелерінде;

«Орман шаруашылығы және жер ресурстары»
факультетінің деканы



Д. Сарсекова

«Орман ресурстары, аңшылықтану және балық
шаруашылығы» кафедрасының меңгерушісі



Ф. Токтасынова